АНЫҚТАМА

23 – 31 қаңтар күндері өтетін (музыка, көркем еңбек, технология, бейнелеу өнері) өнер апталығының жоспары.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру оқушылардың өнерге, музыкаға, еңбекқорлыққа деген қызығушылығын арттыру білімді, өнерлі еңбекқор ұрпақ тәрбиелеу.

2025 жылдың 23 – 31 қаңтар аралығында «Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ - де (музыка, көркем еңбек, технология, бейнелеу өнері) өнер апталығына орай бекітілген жоспарға сәйкес бір қатар іс – шаралар өткізілді.

№	Күні	Сабақтың тақырыбы	Өткізу мерзімі	Сыныптар	Жауапты мұғалім
1	23.01. 2025	Апталықтың ашылуы	07 : 40-08:00	5 – 11 сыныптар	Жанабекова Г.Б. Ибрагимова А.М. Абдрахманов Б.А.
2	27.01. 2025	Сурет көрмесі		1-2 сыныптар арасында	Касымова Д.К
3	27.01.2025	Қолөнер, сурет көрмесі		3-4 сыныптар арасында	Олжабек П.
4	28.01.2025	Ашық сабақ «Материалдарды таңдау және дайындау»	4 сабақ 10:50 – 11:35	5 «А» сынып	Абдрахманов Б.А.
	28.01.2025	Мастер класс «Ткацкий станокпен тоқу»	7 сбақ 13:25 - 14:10	8 «А» сынып	Жанабекова Г.Б.
5	29.01.2025	Ашық сабақ «Музыка және мүсін»	1 сабақ 14:00 – 14:45	3 «Ә» сынып	Ибрагимова А.М.
6	29.01.2025	«Бояулар құпиясы» сурет салу	үзілісте	7 – 8 сыныптар	Жанабекова Г.Б.
7	30.01.2025	Қыздар сайысы	4 сабақ 10:50 – 11:35	5 «А» сынып	Жанабекова Г.Б.

2025 жылдың 23 қаңтар күні музыка, технология, бейнелеу, көркем еңбек пәнінің мұғалімдері Абдрахманов Б.А, Жанабекова Г.Б және Ибрагимова А.М апталықтың ашылуына орай 1 – 11 сыныптар арасында салтанатты жиын лездеме өткізілді онда оқушылар домбырамен күй тартып, ән айтылып би биленді барлық сынып оқушылары мен ұстаздар белсене қатысты. Апталықтың бірінші күні мектеп фойеге көрме ұйымдастырылды «Алтын қазына» атты қол өнер көрмесін ұйымдастырды.

Апталықтың жоспарымен оқушыларға лездемеде таныстырылып шықты.

Апталықтың бірінші күні сурет байқауы өтті, бұл суретте 1-2, 3-4 сынып оқушылары қатысып, ең үздік суреттер марапатталды.. Сурет салу барысында адам қоршаған ортаны бақылауға, көргендерін ойша талдауға дағдыланып, заттарды, құбылысты терең сезініп қабылдай бастайды. Бейнелеу шеберлігін меңгеру, көркемдік көру қабілеті мен оны өз суреттері арқылы бере білу де суреттен басталады. Байқаудың мақсаты: туған өлке, оның байлығы, табиғат көріністерін,өскен жерін қадірлеп, экологиялық мәдениетке қол созу, рухани - зерделілік жағынан дамыта тәрбиелеу. Өз туған өлкеміздің, туған халқымыздың өткені мен бүгінгісін қадірлей, қастерлей білуге үйрету. Бірінші орынға ие болған 8«а» сынып оқушысы Абылай Алдияр, екінші орынға ие болған 11 сынып оқушысы Елиманова Гаухар.Үшінші орынға ие болған 6 сынып оқушысы Қазбекова Сабина. Бәрі белсенді қатысып, марапатталынды.

28.01.2025ж. «ткацкий қол станокпен тоқу» Мастер класс 8 «а»сыныппен өткізілді

30.01 күні 5 «а» сынып оқушыларымен ашық сабақ сайысы өткізілді, тақырыбы «Ал, кәнекей қыздар- ай!» жауапты Г.Жанабекова.

Сайыстың мақсаты: Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту. Өнерді тануға, қызығушылыққа баулу, әдептілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу. Ойын тәсілі арқылы оқушылардың ойын дамытып, пәнге деген қызығушылығын ояту; Өнерді түсініп, бағалап, меңгеруге бағыт-бағдар беру; Өнер үйренуде өз беттерінше ізденудің қажеттілігін сезіндіру.

11

Нравится korkem.75 и другим

astrakhan1_school 29 қаңтар күні жоспарға сай музыка пәнінен “Музыка және мүсін” атты 3 “ә” сыныбымен ашық сабақ өтті. Оқушылар сабаққа қызығушылық танытып, белсенді қатысты.
Сабақтың мақсаты:
- мүсіндер мен музыканың үйлесімділігі;
- музыкалық шығармаларды орындау;
- музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату.
Өткізген музыка пәнінің мұғалімі: А.М. Ибрагимова.



29.01.2025ж. «Музыка және мүсін» ашық сабақ өткізді музыка пәнінің мұғалімі А.Ибрагимова.

28.01.2025ж. Көркем еңбек /ұлдар/ пәнінен Б.Абдрахманов ашық сабақ өткізді.

Қорытынды: Салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан халқымыздың асыл мұрасы. Салт-дәстүрлер қоғамдық әлеуметтік дүние, ол халықтың мінез-құлқы мен іс-әрекетінің рухани негізі. Халқымыздың осындай баға жетпес құнды қазынасын бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіріп, әрі қарай жалғастыруына мүмкіндік жасау басты мақсатымыз.

31.01 күні лездемеде «Өнер» апталығының жабылуы өткізіліп, белсенді қатыскан оқушылар марапатталды.